

ПӘНДІ ОҚЫТУ ТУРАЛЫ ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛАР

"Ақпараттық процестерді стандартизациялау" курсы кітапханалық циклдың оқу пәндерінің бірі болып табылады.

Стандарттар мен сертификаттардың заңдық негізін үйретуде қазіргі кезде маңызды болып табылады. Бүгінгі күнде сертификат пен стандарттың құқықтық негізі кітапхана ғимаратының құрылысы мен конструкциясына, кітапхананы автоматтандырудың перспективті дамуы мен жаңа ақпараттық технологияларды қолдануда қажетті пәннің бірі.

Курстың бағдарламасы "Стандарттау" және "Сертификаттау" туралы Қазақстан Республикасы Заңының негізінде құрылған. Нормативті-технологиялық құжаттар, кітапханалық ережелер, кешендік нормалар, стандарттаудың объектісіне талаптар, пәндерді меңгеру процесіндегі студенттердің алған дағдысы мен біліктілігі.

Студент төмендегідей стандарттар түрлерімен танысады:

Мемлекеттік (ГОСТ), Республикалық (РСТ), Салалық (ОСТ), Мекеменің (СТП). "Ақпараттық процестерді стандарттау" пәнін оқытудың мақсаты кітапхана жұмысының сапасы мен жылдамдығын көтеру, ғылым мен алдыңғы қатардағы тәжірибелерді енгізу, компьютерлік технологияларды модернизациялау, терминологияларды унификациялау Қазақстан Республикасының кітапхана ісін басқарудың экономикасы. Оқушыларға стандарттар жүйесінің 1978 жылдан бастап «Ақпарат баспа және кітапхана ісі бойынша стандарттар жүйесі» ретінде 1978 жылдан бері құрылған бірінғай кешені ашылады. Бағдарламаның негізгі міндетіне «Ақпарат, кітапхана және баспа ісі стандарттар жүйесі бойынша нормативтік құжаттар тізімін оқыту кіреді.

Курсты оқытудың қорытындысында студент қазіргі кітапхана жұмысын ұйымдастыруға қажетті стандарттар дағы мен біліктілікпен білім көлемін меңгерулері қажет. Курс жекелеген, логикалық жағынан бір-бірімен тығыз байланысты бөлімдерден құралады. Курсты игеру үшін лекция, семинар, лабораториялық-тәжірибе сабақтар қарастырылған, әр бөлім бойынша өтілетін тақырыптарға сәйкес бақылау жұмыстары орындау көзделген.

Курстың мақсаты: Ақпараттық-кітапханалық қызметті стандарттау мәселелерін толығымен көрсету, Қазақстан Республикасының «Сертификаттау» туралы, ҚР «Стандарттау» туралы заңдарын – кітапхана ісінде алатын орнын көрсету.

Курстың негізгі міндеті: Стандарттармен жұмыс істеудің әдістерімен таныстырып; кітапханалар жұмысы туралы негізгі мәліметтер мен қағидалардың жинақты жүйеге түсірілуін, ақпаратты талдауды – студенттерге үйрету, дағдыландыру.

Курсты оқып үйрену дәрістер, практикалық сабақтар, оқытушының басқаруымен студенттердің өзіндік жұмысы арқылы іске асырылады.

Бұл курс «Кітапханатану, «Кітапханалық қор», «Кітапханалық қызмет көрсету» т.б. жалпы кәсіби пәндерге сүйенеді.

